

2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 30-1 шешімі.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 75-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Шыңғырлау аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 7 188 862 мың теңге:

салықтық түсімдер – 920 908 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 49 130 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 9 383 мың теңге;

этрансферттер түсімі – 6 209 441 мың теңге;

2) шығындар – 7 571 111 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 132 188 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 176 940 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 44 752 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -514 437 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 514 437 мың теңге:

қарыздар түсімі – 390 781 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 73 458 мың теңге;

бюджет қаражатын пайдаланылатын қалдықтары – 197 114 мың теңге..

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 27.11.2025 № 41-1 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2025 жылға арналған аудандық бюджет түсімдері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының "2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына және осы шешімнің 4, 5, 6-тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

3. Қазақстан Республикасының "2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9, 10, 13, 14 – баптары қаперге және басшылыққа алынсын.

4. Аудандық бюджетте 2025 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің және кредиттердің жалпы сомасы 599 992 мың теңге ескерілсін:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 7 163 мың теңге;

мүгедектігі бар адамдарды міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуына – 4 661 мың теңге;

санаторийлік-курорттық емдеуге – 1 644 мың теңге;

мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, ұйымдар жұмыскерлерінің, қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің жалақысын арттыруға – 4 027 мың теңге;

халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын жайын сатып алу – 208 118 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы Сегізсай ауылының су құбырының құрылысына – 197 439 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер – 176 940 мың теңге.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 20.03.2025 № 33-1 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2025 № 41-1 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5. Аудандық бюджетте 2025 жылға арналған Қазақстан Республикасының Ұлттық Қордан қарастырылған даму нысаналы трансферттерінің жалпы сомасы 300 000 мың теңге ескерілсін:

"Ауыл - Ел Бесігі" бағдарламасы аясында:

Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылындағы 0,4 киловатт және сыртқы қондырғының-10/0,4 толық трансформаторлық қосалқы станциясын қайта жаңартуына – 300 000 мың теңге.

6. Аудандық бюджетте 2025 жылға арналған облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің жалпы сомасы 3 632 610 мың теңге ескерілсін:

балаларға кепілдендірілген әлеуметтік пакетке – 830 мың теңге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 4 565 мың теңге;

Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарға құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға – 21 454 мың теңге;

әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беруге – 0 теңге;

аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жасанды құрылыстарын паспорттауға – 2 082 мың теңге;

аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының паспорттауға – 20 401 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ ауылына су мұнарасын сатып алу және орнатуға – 26 432 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы Қайыңды ауылын сумен жабдықтау үшін кешенді блок модулін орнатуға – 11 970 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы Ақсоғым ауылын сумен жабдықтау үшін кешенді блок модулін орнатуға – 5 310 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы Ұрысай ауылын сумен жабдықтау үшін кешенді блок модулін орнатуға – 11 970 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы Аққұдық ауылын сумен жабдықтау үшін кешенді блок модулін орнатуға – 5 310 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы Қотантал ауылын сумен жабдықтау үшін кешенді блок модулін орнатуға – 12 470 мың теңге;

халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын жайын сатып алу – 89 178 мың теңге;

Батыс Қазақстан облысы бойынша 2024-2026 жылдарға арналған "Қаладан – Ауылға" пилоттық жобасы шеңберінде Шыңғырлау ауданында тұрғын үйді сатып алуға – 17 800 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы "Шыңғырлау-Ақшат-Сегізсай" аудандық маңызы бар автомобиль жолының 47-62 шқ (15 шқ) орташа жөндеуге – 1 605 676 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы "Шыңғырлау-Ақшат-Сегізсай" аудандық маңызы бар автомобиль жолының 62-77 шқ (15 шқ) орташа жөндеуге – 952 457 мың теңге;

"Шыңғырлау-Ақшат-Сегізсай" - 1 автомобиль жолын күрделі жөндеуге – 87 661 мың теңге;

"Шыңғырлау-Ақшат-Сегізсай" - 2 автомобиль жолын күрделі жөндеуге (түзету) – 240 378 мың теңге;

Қызылкөл-Ардақ-Ақтау автожолының 17, 31, 37-38 км. су өткізгіш құбырын күрделі жөндеуге – 119 004 мың теңге;

Қызылкөл-Ардақ-Ақтау автожолының 40,42, 46 км су өткізгіш құбырын күрделі жөндеуге – 82 685 мың теңге;

Қайыңды-Қарағаш тас жолының 18 км су өткізгіш құбырын күрделі жөндеуге – 37 890 мың теңге;

Шыңғырлау-Ақшат-Сегізсай 93, 100,102 км, автожолында су өткізу құбырын күрделі жөндеуге – 49 609 мың теңге;

"Ауыл - Ел Бесігі" бағдарламасы аясында:

Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ ауылындағы орамшілік көшелерді күрделі жөндеу – 0 теңге;

Шыңғырлау ауданы Алмазное ауылындағы орамшілік көшелерді күрделі жөндеу – 0 теңге;

Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылындағы 0,4 киловатт және сыртқы қондырғының-10/0,4 толық трансформаторлық қосалқы станциясын қайта жаңартуына – 43 339 мың теңге.

Шыңғырлау ауданы Сегізсай ауылындағы су құбырының құрылысы – 184 139 мың теңге.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 27.11.2025 № 41-1 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

6-1. Аудандық бюджетте 2025 жылға арналған облыстық бюджеттен берілетін кредиттердің жалпы сомасы 213 841 мың теңге ескерілсін:

халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын жайын сатып алу – 23 563 мың теңге;

жергілікті атқарушы органдардың кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал топтары үшін арендалық пәтерлерді сатып алуға – 190 278 мың теңге.

Ескерту. Шешім 6-1 тармақпен толықтырылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 05.09.2025 № 38-2 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 27.11.2025 № 41-1 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

7. Жергілікті бюджеттердің теңгерімдігін қамтамасыз ету үшін 2025 жылдың кірістер бөлу нормативі, келесі ішкі сыныбы кірістері бойынша белгіленсін:

- 1) жеке табыс салығы аудандық бюджетке 100 пайыз мөлшерінде енгізіледі;
- 2) әлеуметтік салық аудандық бюджетке 100 пайыз мөлшерінде енгізіледі.

8. Аудандық бюджетте 2025 жылға арналған облыстық бюджеттен берілетін субвенциясы жалпы сомасы 1 853 778 мың теңге көлемінде белгіленсін.

9. Ауылдық бюджеттерге 2025 жылға арналған аудандық бюджеттен берілетін субвенциясы жалпы сомасы 358 625 мың теңге көлемінде белгіленсін:

Ақбұлақ ауылдық округі – 47 992 мың теңге;

Ақтау ауылдық округі – 34 585 мың теңге;

Ақшат ауылдық округі – 49 608 мың теңге;

Алмаз ауылдық округі – 31 323 мың теңге;

Ардақ ауылдық округі – 45 921 мың теңге;

Ашысай ауылдық округі – 47 216 мың теңге;

Қарағаш ауылдық округі – 46 771 мың теңге;

Шыңғырлау ауылдық округі – 55 209 мың теңге.

10. 2025 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органдарының резерві 17 647 мың теңге көлемінде бекітілсін:

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының төтенше резерві – 3 000 мың теңге;

шұғыл шығындарға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының резерві – 14 647 мың теңге.

11. Ауданның жергілікті атқарушы органының борыш лимиті 2025 жылдың 31 желтоқсанына 2 774 333 мың теңгені құрайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 27.11.2025 № 41-1 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі)

12. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

С.Тұрғалиев

Шыңғырлау аудандық мәслихатының
2024 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 30-1 шешіміне 1- қосымша

2025 жылға арналған аудандық бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 27.11.2025 № 41-1 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	Кіші сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	
				1) Кірістер	7 188 862
1				Салықтық түсімдер	920 908
	01			Табыс салығы	416 677
		1		Корпоративтік табыс салығы	12 321
		2		Жеке табыс салығы	404 356
	03			Әлеуметтік салық	355 192
		1		Әлеуметтік салық	355 192
	04			Меншікке салынатын салықтар	132 098
		1		Мүлікке салынатын салықтар	132 098
				Тауарларға, жұмыстарға және	

	05			қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2 941
		2		Акциздер	650
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	2 291
	08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	14 000
		1		Мемлекеттік баж	14 000
2				Салықтық емес түсімдер	49 130
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	11 527
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	11 300
		7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	33
		9		Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	194
				Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік	

03			мекемелер ұйымдастыраты н мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	259
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелер ұйымдастыраты н мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	259
04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл атын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 591
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл атын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің	2 591

			бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	34 753
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	34 753
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	9 383
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	9 383
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	9 383
4			Трансферттердің түсімдері	6 209 441
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	1
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	1
			Мемлекеттік басқарудың	

	02			жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	6 209 440
		2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	6 209 440

Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
				2) Шығындар	7 571 111
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	698 221
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	326 181
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	61 445
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	61 445
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	264 736
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін	264 736

				қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	
2				Қаржылық қызмет	699
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	699
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	617
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	82
9				Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	371 341
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	98 673
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	64 673
			007	Мемлекеттік органның	34 000

				күрделі шығыстары	
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	178 311
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	98 323
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 455
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	76 533
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	84 750
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік	80 097

				атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	4 653
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	9 607
			040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	9 607
02				Қорғаныс	35 506
	1			Әскери мұқтаждар	9 218
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	9 218
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	9 218
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	26 288
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	26 288
				Аудан (облыстық	

			006	маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	8 755
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	17 533
03				Қоғамдық тәртіп , қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	10 608
	6			Қылмыстық-атқару жүйесі	580
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	580
			039	Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды ұйымдастыру және жүзеге асыру	580
	9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	10 028

		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	10 028
			021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	10 028
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	270 320
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	13 792
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	13 792
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	13 792
	2			Әлеуметтік көмек	140 796
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	140 796
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	440
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың	20 005

				жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	
			010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету	824
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	86 493
			017	Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторий-курорттық емдеу, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету	33 034
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	115 732

		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	115 732
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	67 640
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	434
			021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 550
			028	Күш көрсету немесе күш көрсету қаупі салдарынан қ и ы н жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	42 108
			054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	0

		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0
			094	Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттары н беру	0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 073 756
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	576 744
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	65 607
			003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	3 807
			004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	52 800
			033	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	9 000
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет,	511 137

				қала құрылысы және құрылыс бөлімі	
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	511 137
2				Коммуналдық шаруашылық	470 755
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	87 282
			012	С у м е н жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	87 282
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	383 473
			005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	1 895
			058	Е л д і мекендердегі с у м е н жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	381 578
3				Е л д і - мекендерді көркейту	26 257
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы,	26 257

				жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
			015	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	19 878
			016	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	0
			018	Елді мекендерді абаттандыру ж ә н е көгалдандыру	6 379
08				Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістік	980 591
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	383 279
		457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, д е н е шынықтыру және спорт бөлімі	380 872
			003	Мәдени- демалыс жұмысын қолдау	380 872
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	2 407
			011	Мәдениет объектілерін дамыту	2 407
	2			Спорт	189 442
				Ауданның (облыстық маңызы бар	

		457		қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, д е н е шынықтыру және спорт бөлімі	189 442
			008	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	169 518
			009	Аудандық ((облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	5 594
			010	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан ((облыстық маңызы бар қала) құрама командаларыны ң мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	14 330
	3			Ақпараттық кеңістік	262 575
		456		Ауданның ((облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	20 888
			002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	20 888
		457		Ауданның ((облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, д е н е шынықтыру және спорт бөлімі	241 687

			006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	240 617
			007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1 070
9				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	145 295
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	97 724
			001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45 760
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	50 844
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 120
		457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру	47 571

				және спорт бөлімі	
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40 706
			014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	308
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	6 557
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	103 534
	1			Ауыл шаруашылығы	10 826
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	10 826
			010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	10 826
	6			Жер қатынастары	50 665

		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	50 665
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	49 159
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 506
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	42 043
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	42 043
			099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	42 043
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	52 105
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	52 105

		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	52 105
			001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	48 348
			013	А у д а н аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық е л д і мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	2 239
			015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 518
12				Көлік және коммуникация	3 284 663

	1			Автомобиль көлігі	3 271 163
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 271 163
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	95 803
			045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	3 175 360
	9			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	13 500
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13 500
			037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	13 500
13				Басқалар	532 876
	9			Басқалар	532 876

		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	343 339
			064	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	343 339
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	189 537
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	189 537
14				Борышқа қызмет көрсету	67 680
	1			Борышқа қызмет көрсету	67 680
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	67 680
			021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де	67 680

				төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	
15				Трансферттер	461 251
	1			Трансферттер	461 251
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	461 251
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	4
			038	Субвенциялар	358 625
			049	Бюджет заңнамасымен қарастырылған жағдайларда жалпы сипаттағы трансферттерді қайтару	102 620
			054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	2
				3) Таза бюджеттік кредиттеу	132 188
				Бюджеттік кредиттер	176 940
				Ауыл, су, орман, балық	

10				шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	176 940
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	176 940
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	176 940
			018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	176 940
Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Кіші сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	44 752
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	44 752
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	44 752
			13	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген	44 752

				бюджеттік кредиттерді өтеу	
				4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
				Қаржы активтерін сатып алу	0
Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Кіші сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
				5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-514 437
				6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	514 437
7				Қарыздар түсімдері	390 781
	01			Мемлекеттік ішкі қарыздар	390 781
		2		Қарыз алу келісім-шарттар ы	390 781

			03	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	390 781
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
16				Қарыздарды өтеу	73 458
	1			Қарыздарды өтеу	73 458
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	73 458
			005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	72 937
			022	Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	521
				Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	197 114
Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Кіші сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	
8				Бюджет қаражатының	197 114

				пайдаланылатын қалдықтары	
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	197 114
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	197 114
			01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	197 114

Шыңғырлау аудандық
мәслихатының
2024 жылғы 20 желтоқсандағы
№30-1 шешіміне 2- қосымша

2026 жылға арналған аудандық бюджеті

Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Кіші сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	
				1) Кірістер	2 631 194
1				Салықтық түсімдер	1 045 377
	01			Табыс салығы	473 000
		1		Корпоративтік табыс салығы	3 000
		2		Жеке табыс салығы	470 000
	03			Әлеуметтік салық	411 027
		1		Әлеуметтік салық	411 027
	04			Меншікке салынатын салықтар	145 000
		1		Мүлікке салынатын салықтар	145 000
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2 350
		2		Акциздер	650

		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1 700
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	14 000
		1	Мемлекеттік баж	14 000
2			Салықтық емес түсімдер	16 534
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	12 000
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	12 000
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	4 534
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4 534
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6 200
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	6 200
		1	Мемлекеттік мекемелерге	6 200

				бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	
4				Трансферттердің түсімдері	1 563 083
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 563 083
		2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1 563 083
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
				2) Шығындар	2 631 194
01				Ж а л п ы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	478 198
	1			Мемлекеттік басқарудың ж а л п ы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	277 582
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	59 601
